

БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС: РУХАНИ ЖАНҚЫРУ

Жолдауда қозғалған бағыттарды көнінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сейлемінде бүгініміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуга. Ал бұл мақаладағы рухани мерзиеу, рухани жаңғыруды біздін дамуымыздың ең басты тұжырларының бірі деп есептеймін. Эр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің ролі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктеріндегі сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек.

Устаздың мақсаты шәкіртін оқыту, Рухани жаңғыру, халқынды жаңғырту. Рухани жаңғыру - іелдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, осы бастан үйрете беру қажет. Бізге мұның бәрі керек, ел болып тұруымыз

үшін, ұлттық бірегейлігізді сақтауымыз үшін керек. Осының бәрінің кілті - ұстазда деп ойлаймын. Сондықтан әрбір ұстаз қазіргі заман талабына сай жаңашып, білімді, жан-жақты болуы тиіс. Ұстаз - ол ағартушы, мұғалім, оқытушы, жетекші және тәрбиеші. Сол себепті, рухани жан дүниенді түсінетін адамның бірі - ұстаз. Мақалада: «Қоғамның рухани жаңғыруына халықтың дәстүрі мен ұлттық мәдениеті негіз болуы тиіс» - делінген. Қазіргі заман ұстаздары оқу-әдістемелік жұмыс барысында рухани тұрғыда білім мен тәрбие беру мәселесін басты назарға алу қажет. Элемдік тәжірибеде бұрын барлығын техника, экономика шешеді деген сана қалыптасқан еді. Ал, бүгінгідей күн санап даму үдерістері қарқын алған заманда, қатып қалған ережеге сүйеніп емес, әр ұлттың өз ерекшелігі, ез зияткерлік ұстанымына сай, ұлттық сана шешетіндігін көрсетіп отыр. Шынында, кез келген халық білімді болса, не нәрсеге болсын бейімделіп кетеді. Бірінші жетістікке тез жететін экономика емес, ұлттық сана болады. Бұл жолда

жылдар бойы айнымас серігімізге айналған қасиеттер - достық, ынтымақ аса қажет. Элемдік өркениеттер тарихында езгеше салтанат құрган кешегі көшпелілер дәүірінің ендігі кезендегі даму қарқыны да сол байырғыдан келе жатқан көне тілдерін сақтауымен тікелей байланысты.

Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сай, тарихын танитын, революциялық емес эволюциялық дамуды қолдайтын, pragmatizmді сактайдын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар когам қалыптастыру. «Рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас үшін» тұжырымды ойлардан, тағылымды тәрбие алып, ісімізден нәтиже шығаруымыз керек.

Диляра АБЗАЛОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Механика және
машина жасау» кафедрасы,
т.ғ.к., доцент.